



# *Мұхтар Шаханов*



*1942 жылы  
туылған*

## *Өмірі, шығармашылығы*

- Белгілі ақын Мұхтар Шаханов Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Шілік ауылында туған. Жеті жылдық мектепті бітіріп, ауылда еңбек еткен.
- 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтын бітірген.
- 1961-1965 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер, Шымкент облыстық комсомол комитетінің сектор меңгерушісі.
- 1965-1970 жылдары «Жас Алаш» газетінің тілшісі
- 1971-1976 жылдары Қазақстан мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетінің аға, бас редакторы. Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің бөлім бастығы, әр жылдары «Жалын» журналының Бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарып, әдеби –мәдени өмірге белсене араласты. ҚР парламент мәжілісі депутаты болды.
- 1993 – 2003 жылдары Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше әрі өкілетті елшісі. Қазақ-қырғыз әдеби байланысына мол үлес қосты.

# ***Ақынның шығармаларының басты тақырыптары - ұлт тағдыры мен тіл тағдыры; достық пен махаббат***

*Мұхтар Шахановтың өлеңдері, балладалары мен поэмалары қарапайым оқырмандардың ықыласына бөленді.*

- Тұңғыш өлеңі «Сырдария» 1959 жылы жарық көрді.
- «Бақыт» (1968), «Ай туып келеді» (1970), «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Сенім патшалығы» (1979), «Махаббатты қорғау» (1982), «Ғасырларды безбендеу» (1988), «Өркениеттің адасуы» (2001), «Жаңа қазақтар» (2001) т.б. жыр жинақтары жарияланды.
- «Танакөз» поэмасындағы өмір шындығы, ауыл жастарының шынайы достық сезімі, балауса махаббат кешулері – барлығы, түптеп келгенде достық атты ұғымды ұлықтайды. «Танакөз» поэмасының өзегі – көзге де, құлаққа да таныс, қарапайым ғана өмір шындығы. Шығарманың идеялық өзегі – достыққа деген адалдық.
- «Ғашықтық ғаламаты» өлеңі біреуді бақытқа бөлеп, біреуді мұңға батырған махаббаттың күдіреттілігін баяндайды.

*Ақын өлең жазып қоймай, драматургия саласына үлес қосқан.*

- «Махаббат таңы», «Көкейтесті», «Сенім патшалығы» сынды пьесалары сахналанған. Мұнымен қатар, «Уақыт бедерлері», «Зерде кітабы» атты жинақтары орыс тіліне аударылған.

## *Ақын шығармалары, қоғамдық қызметі жоғары бағаланған.*

БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы, Қазақстан комсомолы және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарын, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығын, Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы, «Түркі тілдес халықтар арасындағы» ең үздік әлем ақыны» сыйлықтарын, «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А. Эйнштейн атындағы алтын медалін, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарын алған.

